

Б.Б. Мейрбаев¹ , Т.Е. Тұмашбай^{2*} ,
С.А. Мәжинбеков² , Т.О. Аманкүл¹ 

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

² М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

*e-mail: erkinulyt@mail.ru

ҰРПАҚ УАҚЫТЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР

Мақалада ұрпақтың кагорталардың қоғамдық ролі мен мәдени жағдайының маңыздылығы зерттелді. Әрбір жаңа ұрпақтың кагортаның пайда болуымен мәдени шарттар өзгеріске түсіп, әлеуметтік-мәдени формалардың, практикалардың (габитус) ауысуы орын алады. Бұл ұрпақтың ауысудағы мәселе ұрпақтардың өзінде емес, олардың бір қоғамдық және саяси кеңістікте үш ұрпақтың қатар өмір сүру идеяларының қақтығысына негізделген. Ұрпақтық дискурс – күнделікті және әлеуметтік өмірде формаларды түйсіну мен өзгерудің бастапқы онтологиялық және антропологиялық идеяларға, оның ішінде адамның идеясына дәнекерленген. Қазіргі заманғы постиндустриалды қоғамдарда ұрпақтардың бір біріне қарама-қарсылығының әлеуметтік-ментальды линиясы технологиялық өзгерістердің генезисі мен мазмұнын түсінбеудің салдарынан орын алады. Ал дәстүрлі қоғамдарда бұл процесс дамудың құралы ретінде карнавалды сананың көрінісімен ғана, девиацияға қарсы тұлғаның әлсіздігімен сипатталады. Сондықтан еркіндіктің экзистенциалды ізденісі адамның мән ретіндегі роліне немқұрайлы көзқараспен, ұрпақтық сабақтастықтағы қайшылықтың үзілумен орын алады. Бұл қазақстандық қоғамда діни консерватизмнің күшейуі, тұлғаның моралдық деградациясы, сыбайлас жемқорлық қатерлеріне бейімделу. Бұл теріс әрекеттер бейболмыс сферасына тән.

Ұрпақтық қатынастардағы уақыт пен құндылықтық кеңістіктің басты идеясы жаңа парадигмаларды қалыптастыру, дамудың қайшылығына қарағанда үйлесімділігін анықтау. Ұрпақтық дүниетанымдағы жаңа парадигма жасампаздық, шығармашылық және креативтілік бағытында орнығуы тиіс. Мақалада ұрпақ уақытымен кеңістігіндегі құндылықтық, дүниетанымдық мәселе салыстырмалы, феноменологиялық тәсілдерді қолдану арқылы талданды.

Түйін сөздер: ұрпақ уақыты, қоғамның әлеуметтік-саяси дамуы, болмыс, ұрпақтық кагорталар.

B.B. Meirbayev¹, T.E. Tumashbay^{2*}, S.A. Mazhinbekov², T.O. Amankul¹

¹Al Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

*e-mail: erkinulyt@mail.ru

Generational time: contemporary trends and transformations

The article explores the significance of the social role and cultural situation of generational cohorts. With the emergence of each new generational cohort, the cultural situation changes, and there is a change of sociocultural forms and practices (habitus). The problem is not the conflict of generations, but the conflict of the idea of coexistence of three generational groups in one social and political space. Generational discourse is the realization of the form and embodiment in everyday and social practice of the original ontological and anthropological ideas, primarily the ideas of man.

In modern post-industrial societies, the lines of socio-mental generational confrontation are possibly a misunderstanding of the genesis and essence of technological change. In traditional societies, this process as an instrument of development is characterized only by the manifestation of reaction with carnival consciousness, the impotence of creativity. The existential search for freedom is unfolded by indifference to the essence of human manifestation, and in this sense, on a sharp gap in generational continuity: strengthening of religious conservatism, moral degradation of personality, and adaptation to corruption risks. The article analyzes the value, worldview problems of space and time of generations using comparative, phenomenological approaches.

Key words: generational time, socio-political development of society, being, generational groups.

Б.Б. Мейрбаев¹, Т.Е. Тұмашбай^{2*}, С.А. Мажинбеков², Т.О. Аманкүл¹

Б.Б. Мейрбаев¹, Т.Е. Тумашбай^{2*}, С.А. Мажинбеков², Т.О. Аманкул¹

¹Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

*e-mail: erkinulyt@mail.ru

Время поколения: сравнительные тренды и трансформации

В данной статье рассмотрены вопросы формирования поколенческой когорты и их роль в изменении культурной ситуации общественного развития, смены социально-культурных форм, практик (габиус). Проблема не в конфликте поколений, а в конфликте идеи сосуществования трех поколенческих групп в одном общественном и политическом пространстве. Синтезированы проблемы поколенческого времени и дискурса: осознание формы и воплощения в повседневной и социальной практике исходных онтологической и антропологической идей, прежде всего идей человека.

В современных постиндустриальных обществах линии социально-ментального поколенческого противостояния возможны в непонимании генезиса и сущности технологических изменений. Этот процесс в традиционных обществах характеризуется только проявлением реакцией карнавальным сознанием, бессилием личности против девиации. Экзистенциальный поиск свободы разворачивается равнодушием к сущности человеческого проявлением, и в этом смысле на резкий разрыв в поколенческой преемственности: усиление религиозного консерватизма, моральная деградация личности, адаптация к коррупционным рискам.

В статье проанализированы ценностные, мировоззренческие проблемы пространства и времени поколений с использованием сравнительного, феноменологического подходов.

Ключевые слова: время поколений, социально-политическое развитие общества, бытие, поколенческие когорты.

Кіріспе

Жалпы кез келген қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуының белгілі бір кезеңінде құндылықтарды қайта қарау, бағалау және оның теориялық, практикалық іс-әрекеттілігін нақты болмыстың бір формасына, түріне айналдыру қызметтерін жүзеге асырады. Бұл үдеріс қоғамдық біртұтастық ойлау формасының негізінде сапалы өлшемдерге ие болу үшін барлық құбылыстарды, технологиялық жаңалықтарды және құндылықтарды адамның болашаққа деген дүниетанымы, көзқарасы және білімі сүзгісінен өткізеді. Сондықтан әлеуметтік-философиялық аспектіде адам – азамат – қоғам – мемлекет арасындағы объективті заңдылықтар, қажеттіліктер, мүдделер кешегі уақыт, қазіргілік және болашақ дискурсында ұрпақтың биіктігі арқылы рефлексияланады. Бұл үрдісте адам өзінің ойлауын, іс-әрекеттілігін болашақ перспективасында ұрпақ арқылы және ұрпақ үшін қоғамдық біртұтастыққа біріктіруде өздік болмысын сақтауға ұмтылады. Сонымен бірге ұрпақтың қоғамдық жүйелердегі өркениеттік және технологиялық өзгерістерді ұқсас пен ұқсасты бірегейлендіру және құбылыстарға бейімделу, идеяларды орнықтыруда құндылықтық немесе саяси үстемдікке ие болу, біржақты бағалау, түңілу, мұңға бату, индигенизациялау және қауіпсіздігін қорғау мәселелерінде іс-әрекеттілігі туындайды.

Бұл адамның ұрпақ әлеуметтік ынтымақтастығы негізінде дәуірдің рухын сана-сезімнің

белгілі бір түрлеріне апперцепциялау қабілетінің өз уақытындағы рефлексиясы экзистенциялық үмітті, сәулені білдіреді. Себебі көптеген халықтар дәуірлердің өзгерістерінде саяси институттардың бір жақты ойлауының, идеологиялардың иллюзиясының шегінде өзінің құндылықтық кеңістігін дұрыс бағалай алмау салдарынан екінші бір халықтардың, мәдениеттердің ықпалына, мемлекет ретіндегі функциясын жоғалтып отарлануына алып келеді. Бұл өз кезегінде адамның ұлт ретінде, мәдениет өкілі ретінде және өркениеттік жасампаздық қызметін төнген қауіп-қатерлердің бірі саналады. Жеке индуктивтік ойлау деңгейінен қарағанда адам «дүниені қысық айна формасында (Ф.Бэкон) көреді және өзінің болашағын ұрпақтың мұңы, экзистенциялық толғанысы мен қуанышы, мейірімділігі деңгейлерінде сана-сезімнің түрлеріне интеграциялай алмайды. Бұл жеке адам сана-сезімінің ұрпақтық сана-сезіміндегі сапасының құлдырауына негіз болады.

Жеке және қоғамдық сананың әлсіздігі салдарынан болашақ ұрпақтың дүниетанымында, уақыттың рухын түйсінуде қайшылықтарды, негацияларды еңсере алмау, жаңа технологияларды өзіндік болмыс құралына айналдыра алмау қабілеттері туындайды. Бұл әлсіздіктің нәтижесінде адам өзінің ұрпағында рухани, құндылықтық және саналы, бейсаналы деградацияларға тап болады.

Сондықтан ұрпақ ұғымы жеке индуктивтік ойлау тұрғысынан алғанда қарапайым абстрак-

ция болып көрінгенімен, ұрпақтық сана-сезімнің құндылықтық биіктігіне, оның рухани кемелдігіне, қоғамдық жауапкершілігіне қол жеткізу философиялық түйсіну объектісі ретінде жалпы, дедуктивті ойлау формаларының қажеттілігін айқындайды.

Әдістері және әдіснамасы

Ұрпақ уақыты оның сана-сезімі, дүниетанымы және тарихи тізбектегі сабақтастығы және мәдени болмыстағы ролі арқылы айқындалады. Сондықтан ұрпақтық қатынастарды зерттеуде феноменологиялық әдіс қолданылды. Феноменологиялық әдіс адам-ұрпақ қатынасында тарихи сабақтастықтағы және қоғамдық динамикалық өзгерістегі құбылыстарды санадан тыс ағатын және сананы көктей ойларды туындататын оқиғалық талдаулар арқылы орын алады. Феноменологиялық зерттеу тәсілін қолданудың артықшылығы ұрпақтық сана-сезімде адамдар өзінің күнделікті өмірінде, саяси ортасында және экономикалық іс-әрекеттелігінде, рухани әлемінде орын алып жатқан оқиғаларды құбылыстарды редукциялық бағалау, құбылыстардың мәнін түйсіну, мәнділік арқылы бағалау қызметтерін жүзеге асырады. Бұл іс-әрекеттіліктің нәтижелерін өркениет мәдени болмыс синтезінде бір уақыттағы көп уақытылық және бір қоғамның құрылымындағы әртүрлі ұрпақтық портреттердің көп бейнелігінен көре аламыз. Зерттеу әдіснамасында ұрпақтардың типологиясын анықтау, ұрпақтар сабақтастығындағы құндылықтар жіктелуін айқындау, қоғамдық ойлау формалары арқылы объектілеу тәсілдері қолданылды.

Сонымен зерттеу кезінде құбылыстардың ұрпақтың ойлауына ықпалын салыстырмалы талдау, философиялық мәтіндерді талдау, оны социологиялық деректер арқылы зерделеу әдістері қолданылды. Адам уақыты тарихи, әлеуметтік, интеллектуалдық, экзистенциалдық, интерсубъективті және дискурстық ыңғайлар арқылы анықталады, бірақ уақыттың барлық көкжиегінде тарихилық мәселе көрініс тапқан.

Ұрпақ уақытын зерттеудегі негізгі мақсат адамдардың жас ерекшеліктеріне, мәдениетіне және дүниетанымына қарай уақыттың мәнін бағалауын бөліп көрсету. Сондықтан адамдар уақытты басқаруға ұмтылып қоғамдарда ұрпақтық пайымдау дискурстық пікірталастар, шығармашылық іс-әрекеттілік, мәңгілік және уақытша құндылықтардың мәнін түйсіну бағыттарда өмірлік толғанысқа беріледі. Ұрпақтар уақытты заманның құбылуына қарай рефлексиялайды.

Зерттеу тақырыбының актуалдығы бірнеше шарттардың негізінде анықталған. Атап айтқанда, ұрпақтық мәнге деген зерттеу өзектілігі, біріншіден, қоғамдық саясатты ұйымдастырудағы мемлекеттік бағдарламалардың мазмұнынан; екіншіден, қоғамда, ғылыми ортада ұрпақтар сабақтастығын, құндылықтарды, уақыттық өзгерістерді зерттеуге деген қажеттіліктерден; үшіншіден, қоғамның, мемлекеттің дамуында жаңа генеративті ойлауы бар ұрпақтардың туындауына деген үміттен, толғаныстан орын алады. Ұрпақтардың мәнді түйсінуі немесе ұрпақтар арқылы мәнділікті бағалау қазіргі заманғы ұрпақ пен аға ұрпақ арасындағы құндылықтық дискурстардың қайшылығымен, ұрпақтық маркерлердің ажырау линияларындағы уақыттың рухын пайымдаудағы біржақты көзқарастардың орын алуымен артады.

Ұрпақ уақытын, құндылықтарын, болмысын, кеңістігін, қажеттіліктерін зерттеу пәнаралық сала ретінде қалыптасқан. Ұрпақтық дискурс – бұл әртүрлі жастық ерекшеліктерге ие адамдардың қоғамдық саясатты ұйымдастыру, басқару тәсілдеріне, мәдениеттің стилдеріне қатысты уақыттық бағалауы, сыни көзқарасы және жасампаздық іс-әрекеттілігі. Ұрпақ дискурсы қоғамның өтпелі кезеңдеріндегі құндылықтық ауысуда, дүниетанымдық жаңа бағдарлардың орнығуында актуальды сипатқа ие болады.

Ұрпақтардың қоғамдық дамудағы ролін анықтау, түйсіну және философиялық ойлау объектісіне айналдыру жаңа философиялық ойлау формаларын жасақтауда қоғамдық идея формасында қолдану, түрлі идеологиялардың құндылықтық күресінде өткізгіш, дәнекерлік орта ретінде қолдану және жаңа ұрпақтарға деген ізденістердің жүйесінде зерттелген. Ұрпақ уақыты, сабақтастығы және ұрпақтардың ауысуы мәселесі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда үш жақты зерттелген. Тиісінше, ұрпақ теориясы:

1. Ұрпақтың мәнін, оның қоғамдық субъектілігі мен объектілігін философиялық ойлау генезисіндегі танымдық іс-әрекеттілік, мәдениет субъектісі ретіндегі зерттеулерге;

2. К.Маннгейм әдіснамасы бойынша ұрпақты әлеуметтік дене ретіндегі зерттеулерге;

3. Америкалық ғалымдар Вильям Штраус пен Нейл Хоувтың теориясындағы ұрпақты экономикалық іс-әрекеттілік субъектісі ретіндегі типтеу зерттеулеріне жіктеледі.

Ғылыми философиялық әдебиеттерде ұрпақ ұғымы әртүрлі ракурста зерттелгенімен, оның негізгі қызметі қоғамдық ортада айқындалу тәртібімен жүзеге сатынын көрсеткен. Мысалы, Иммануил Канттың теориясына сәйкес, ұрпақ

қоғамдық идея, болашақтың мақсаттылығы, көрегенділік объектісі және бүкіл әлемдік ортақ құқықтық үйді құру іс-әрекеттілік субъектісі ретінде зерттеледі (Кант, 2010: 104). Артур Шопенгауэрдің философиялық ойлауына қарағанда, ұрпақ адамның тарихи жадын сақтаушы, оның құндылықтарын болашаққа тасымалдаушы субъект формасында орын алады. Артур Шопенгауэр бойынша, ұрпақ тарихи сабақтастықта бір индивидуалдық ерік-жігерге ие және әрбір ұрпақ танымның өзге мүмкіндігі, өзге интеллектісі ретінде; ұрпақ интеллектісі ана интеллектісі арқылы орын алады; тарихи сананың бір ұрпақтың жадымен шектелмеуін қамтамасыз етуші субъект қызметін атқарады (Шопенгауэр, 2001). Артур Шопенгауэрдің бұл тұжырымы ұрпақ теориясын анықтаушы методологиялық мәселе. Өйткені әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесінде ұрпақтар қаншалықты типтерге жіктелгенімен, қоғамдық біртұтастықта атқаратын қызметі, ол бүгінгі құндылықтарды болашаққа тасымалдау немесе жаңа қоғамдық шарттарға бейімдеу. Бұл көзқарас марксистік философияда басқа қырынан орын алады. К.Маркстің философиялық ойлау жүйесіне идеологемалар тән болғандықтан, ұрпақ белгілі бір тарихи кезеңдегі материалдық, өндірістік күштерді, капиталды тасымалдаушы дәнекерлік қызметін атқарады. Дегенмен К.Маркс (Маркс, 1985:21). Ұрпақтың мәнін түпкілікті өзгерген шарттарда мұрагерлік іс-әрекеттілікті жалғастырушы буын қызметі арқылы және түпкілікті өзгерген іс-әрекеттілік арқылы ескі қғамдық шарттардың түрін өзгертуші қызметі арқылы анықтайды. К.Маркстің бұл әдіснамалық қағидасы негізінде адам қазіргі заманға дейін белгілі бір идеологиялық қағидалардың негізінде өзін анықтайтын, қоғамдық адам формасында қалыптасқан. Дегенмен қазіргі заманғы әлемде радикалды идеологиялардың күйреуі салдарынан ұрпақтардың сана-сезімінде ұлтшылдық, діни радикалдық көзқарастар үстемдікке ие болуда. Осы И.Кант, А.Шопенгауэр, К.Маркс анықтап берген ұрпақтың қызметін анықтаушы, олардың қоғамдық идея формасындағы әдіснамасы қазіргі философиялық зерттеулерде де көрініс береді. Атап айтқанда, ұрпақ ұғымын Вильгельм Дильтей «Рухани іс-әрекеттілік пен уақыт арқылы өзгеріске ұшырайтын адам және адамдардың бірлігі ретінде» (Дильтей, 2006: 406); Хосе Ортега Гассетте «Жеке адам мен бұқаралық сана арасындағы дәнекерлік ретінде» (Гассет, 1997: 39) зерттеледі. Маргарет Мидте (Мид, 1988) ұрпақтық сабақтастық және ауысу заңдылығы постфигуративті, кофигуративті, префигуративті үлгілердің мәдениеттік

ерекшеліктері арқылы және болмыстың уақыттағы өзгерістері арқылы қызмет атқарады. Ресейлік зерттеуші Николай Хренов ұрпақ теориясының мәдениеттанулық аспектісін зерттеуде, ұрпақтарды алтын, күміс және қола ұрпақтарға жіктеу арқылы ұрпақтардың модерн мәдениеті шекарасындағы алмасуын, жастық культін зерттейді. «Ұрпақтық алмасу бала мен әке арасындағы үзілудің себебі ретінде аға ұрпақтың құндылықтарының өңделуімен, қарттық дәуірдің аяқталып, жаңа жастық дәуірдің басталуымен түсіндіріледі» (Хренов, 2005: 41). Бұл әдіснама академик Ғарифолла Есімнің ұрпақ эффектісінің қоғамдық дамудағы ролін анықтау туралы теориясында орын алған (Есім, 2017). Қазақстандық жас зерттеушілердің ішінен Динара Сапарова префигуративті мәдениеттегі цифрлық ұрпақтың глокалды парадоксалдық мәселесін зерттеген (Сапарова, 2020). Бұл мәселе күнделікті өмірдегі ақпараттық коммуникациялық технология жетістіктерін қолдану, жасанды интеллект технологиялары жағдайында адамның мінез-құлығындағы қайшылықты көңіл күйлерді анықтап отыр.

Ұрпақ теориясы және типтерге жіктелу мәселесі

Ұрпақтардың сабақтастығы және ауысуы мәселесінде дүниетанымдық, құндылықтық қайшылықтар орын алады. Бұл қайшылықтар белгілі бір саяси және әлеуметтік кеңістікте аға ұрпақ пен жас жаңа ұрпақ арасындағы мемлекеттік саясатты, жаңа технологияларды игеруге қатысты және дәстүрлер мен новациялар, модельдер мен идеологиялар, еркіндік пен радикализм мәселелеріне, өмір сүру стильдеріне қатысты орын алады. Тек қайшылықтың мақсаты қоғамда пісіп жетілген, шешімін күткен мәселелерді оның ортасын табу арқылы шешуді, екі және бірнеше қарама қарсылықты идеологияларды күрестіру арқылы орын алмауға бағыттылауы керек. Себебі ұрпақтық қатынастардағы сабақтастық пен сабақтастықты ұзу, жаңа трендтерді енгізу мәселесінде диалектика заңдарына, екі ұғымды салыстыруда дихатомиялық ойлау формаларына сүйену орын алады. Сондықтан қандай қоғамда болмасын аға ұрпақ пен жаңа ұрпақтық қатынастарда туындайтын бірінші мәселе, ол ұрпақ эффектісінің жалпы дамуға әсерін анықтау, оның уақыттық құндылықтарын дұрыс пайымдау. Бұл өз кезегінде күнделікті өмірде, ғылыми дискурста белгілі бір ұрпақтың алдыңғы ұрпақтың құндылықтық кеңістігінің тұтқыны, қамыт және жоғалған ұрпақтар, адасқан ұрпақтар секілді ойлардың туындауына негіз болады. Ал әрбір дәуірдің өзіндік уақыттық иірімдері,

идеологиялық үстемдіктері орын алатыны секілді ұрпақтардың ауысу мәселесінде де субъективистік пікірлер, эмоционалды көзқарастар және жаңа дәлелді тұжырымдар немесе жалпы біртұтас әлемдік дамудың инерциясымен бірігіп, қосаралана даму тенденциялары технологиялық жетістік ретінде орын алады.

Карл Маннгейм бойынша, ұрпақтық ерекшеліктер ортақ тарих пен тәжірибелер арқылы анықталады және ұрпақтың негізгі қызметі қоғамдық сананың топтық бірігу тәсілімен әлеуметтік, құндылықтық, экономикалық аспектілерде өзгерту (Маннгейм, 2023). Ұрпақтар адамдардың әлеуметтік негіздегі құрылымдық топтары ретінде тарихи және әлеуметтік оқиғалар ықпалымен анықталады. Қоғамның құндылықтық және саяси өзгерістері арқылы орныққан тарихи, экономикалық оқиғалар адамдардың белгілі бір тобында ұрпақтық сананы оятып, олардың өзін қоршаған әлемді қайта философиялық, дүниетанымдық ойлануына, бағалауына себеп болады.

Бұл тенденциялардың негізінде бірнеше мәселе туындайды. Біріншіден, ұрпақ эффектісі мәселесі. Ұрпақ эффектісі бұл қоғамдық қатынастарды ұйымдастыруға қатысты көзқарастардың, практикалардың және құндылықтардың тарихи тәжірибелерді ескеру арқылы, тарихтағы қателіктерді еңсеру арқылы өзіндік қолтаңбасын қалыптастыру, дамудың жаңа модельдерін құрастыру. Бұл мәселе Пьер Бурдьё зерттеулерінде габитус өмірлік және қоғамдық тәжірибелердің тізбектелген, құрылымдық жүйесі ретінде қарастырылады. Габитус қатынасында ұрпақ алдыңғы аға ұрпақтың өмірлік тәжірибелерінің байлығын жинақтауы, жаңа уақыттық өзгерістерге сәйкес қайта өндіруі, тіпті тарихтың өзінде өндіруі.

Пьер Бурдьёге (Бурдьё, 2001: 105) сәйкес, ұрпақтық қатынастар габитус формасында қарастырылады. Габитус тәжірибелік тізбектердің құрылымдық жүйесі. Бұл жүйе агенттің барлық тәжірибелерін қалыптастырушы құрылым ретінде қызмет атқаруға бейімдігімен және әлеуметтік құрылымдарға оның нәтижесі ретінде бейімделуімен сипатталады. Пьер Бурдьёде ұрпақтық сана сананың өзі арқылы өндірілмейді, ол агенттің қатысуымен орын алады. Алайда ұрпақ эффектісін анықтауда прогрессивтілік және регрессивтілік өлшемдер қатар жүреді. Сондықтан ұрпақтар сабақтастығы уақыттың иірімдері негізінде дағдарысқа, деградацияға тап болғанда адамдардың ұжымдық мінез-құлығында саналы және бейсаналы деңгейлерде «Эдип жасөспірімі» (Панарин) мәселесі туындайды. «Ұрпақтық бірегейліктегі «Эдип жасөспірімі» (А. Панарин)

идеяның өзінің өзектілігін жоғалтып, сөнуінде сананың карнавалдық оянуына, әкенің парызымен жауапкершілікке шақыруынан шаршау, жалығу, оған қарсы шығу арқылы жеңіл ойлаудың қалыптасуына түрткі болады (Кондаков, 2011: 129). Игорь Кондаковтың ғылыми пайымдауынша, ұрпақаралық сабақтастықтағы ұжымдық бірегейліктің дағдарысы қоғамдық санада «Эдип жасөспірімі» (А.Панарин) психикалық түйсіну арқылы орын алады. Ұжымдық бірегейліктегі дағдарыс жас және жаңа ұрпақтың ата мен әкелер ғасырлар бойы жасаған мәдениетіне қарсы шығу, оның өркениеттік мәнін жоққа шығару тәсілімен адамның инстинктивті қалауы мен әлеуметтік-мәдени қажет пайымындағы, қоғамдық өмірдің төзімділігін сынау, өркениеттің өзін сақтап қалуға ұмтылысы, мәдениеттен мүлдем аластау, жаттану секілді болмыстық қақтығыстарды туындатады. Зерттеушілер мұндай қайшылықтың себептерін тарихтағы революциялық актілердің, саясаттағы қайшылықтардың әсерлерінен іздейді. Сонымен бірге кез келген адамда немесе қоғамда Эдип комплексі орын алады деп айта алмаймыз.

Ұрпақ теориясының қазіргі заманғы моделін жасаған Вильям Штраус және Нейл Хоув. Бұл теорияға сәйкес ұрпақтың тұлғалық ерекшеліктері, өзіндік болмысы мен қажеттіліктері әрбір 20-25 жылдық генерациялық цикл негізінде ұрпақтық ауысуға ұшырап, оның жаңа идеяларды генерациялау қызметтері айқындалады. Сондықтан Вильям Штраус және Нейл Хоувтың теориясында ұрпақ тұлғалығы мен әлеуметтігі үш шарттың негізінде анықталады. Бұлар, жас ерекшелік, хронологиялық шарттар арқылы; ортақ сенімдер, мінез-құлық, ұрпақ атрибуттары арқылы, қоғамның белгілі бір ұрпаққа өзінің тиістілігін мойындау арқылы орын алады (Штраус, 1991: 63). Вильям Штраус пен Нейл Хоув ұрпақтарды ұлы ұрпақ (1900-1923), үнсіз ұрпақ (1923-1943), бэби бумерлер (1943-1963); X – ұрпақтар (1964-1984); Y – ұрпақ (1995-2003); Z – ұрпақ (2004) түрлеріне жіктеп, оларға қаһармандар, пайғамбарлар, кезбелер, еркін ойлы, суретшілер, милионалдар, хоумлендер архетиптерін береді. Қазіргі уақытта, ұрпақтарды дифференциациялау және классификациялау әдістемесі 2006 жылдан бастап дүниеге келген А – ұрпақтың дүниетанымын анықтауымен ерекшеленеді. Ғалымдар ұрпақтық циклдің белгілі бір тарихи периодта қаһармандар, пайғамбарлар, номадтар, суретшілер құндылықтарының қайталанатынын бөліп көрсеткен.

Ұрпақ эффектісі заттарды тұтыну және өндірумен қатар коммуникацияларды құру, қаржы-

лық сауаттылық және мода, трендтерді анықтау арқылы өзінің ерекшелікті болмысына ие болады.

Доган Гурсой бойынша, бэби бумерлер жұмыс істеу үшін өмір сүретін болса, онда X – ұрпақ өмір сүру үшін жұмыс істейді. X – ұрпақ еңбек қатынастарында, қоғамдық ортада өзін бірден құрметтегенді, мансапқа, мақсаттарына тез қол жеткізуді көздейді. Ал Y – ұрпақтарға ұжымдық бірігу, оптимизм, орталық билікке сеніммен қарау құндылықтары тән және олар мықты ерік-жігерге ие. Доган Гурсой зерттеулерінде, «Ұрпақтардың орын алмастыруының ең маңызды және бірегей басымдықтары болып шығармашылық ыңғай саналады. Позитивті шығармашылық синергияның потенциалы өте орасан» (Гурсой, 2008: 449). Сондықтан қазіргі заманғы әлемдік экономикалық қатынастардың субъектілері адам ресурстарын басқарудың тиімді менеджментін жасауға мүдделі. Бұл мүдделер компаниялардың табысқа жету үшін ұрпақтардың арасындағы құндылықтық ерекшеліктерді басшылыққа алуына түрткі болуда.

Ұрпақаралық ерекшеліктердің функционалдығын қызметкерлерге тек табыс табу көзі ретінде қарау емес, фирманың болашағы, оның стратегиясы мағынасындағы ресурс ретінде қарастырады. Қазіргі әлемдегі ұрпақаралық ерекшеліктердің позитивтілігі, ол жұмыс күштерін еңбек ресурсы ретіндегі бағалау қоғамдарда адамның еңбектен жаттануы идеясына деген қажеттіліктің төмендеуіне, тіпті өзектілігін жоғалтуына алып келеді. Ұрпақаралық ерекшеліктер тек әртүрлі уақытта дүниеге келген адамдардың еңбекті, саясатты, фирманың табыстылығын ұйымдастыруға қатысты көзқарастары, ыңғайлары арасындағы қақтығыстарды ғана туындатуы мүмкін. Ал, посткеңестік қоғамдық және саяси кеңістікте ұрпақтар ерекшеліктері еңбектік әлеуметтік қатынастарға қарағанда адамдар арасындағы тұрақты саяси, ментальды, ойлау ерекшеліктері ретінде зерттеледі.

Батыс өркениеті бұл дилемманы азаматтардың саяси өміріндегі еркіндік құндылығымен, экономикалық өміріндегі қайшылықты табысын арттыру, адамның еңбегін құрметтеу арқылы шешкен. Дана Шаннаның зерттеулеріне қарағанда, «XXI ғасырдағы менеджерлер үшін ең маңызды мәселе, ол жұмыс орнындағы ұрпақтар арасындағы ерекшеліктерді шешу болады» (Шанна, 2019: 13).

Ұрпақтық қатынастардың ерекшеліктері қызметкерлердің компаниялардағы ұйымдық және тұлғалық ресурстарды позитивті түйсінуге байланысты көрініс береді. Ұрпақтың әлеу-

меттік уақыты мен болмысы өзінің еңбек құзыреттіліктерін, білімін және қоғамдық ойлауын, іскерлік мәдениетін қоғамда, өндірістік орталарда, еңбек ұжымдарында позитивті жүзеге асыруы тұтас халықтың экономикалық дамуының, табысының өлшемі болып саналады. Сондықтан еңбек қатынастарындағы ұрпақтық ерекшеліктердің «позитивтілігі бұл жұмыс нәтижелерімен қанағаттану, ұйымдық істеріне қатысу арқылы танылатын еңбек үдерісімен байланысты толғаныстардың, бағалаудың, күрделі құрылымы» (Мендоза-Брисено, 2021: 126) саналады. «Жұмыс – бұл адамның қауіпсіздігі мен өмір сапасын қамтамасыз етуші, сонымен бірге оның «психикалық болмысының маңызды шарты» (Хонканейми, 2015:401). Көптеген зерттеушілер адамдардың басым көпшілігінде өмірдің сапасы еңбектің нәтижелері арқылы қалыптасатынын және жұмыссыздар табысы, жынысы және ұрпақтық ерекшелігіне қарамастан бақыттың ең төменгі деңгейіне ие болатынымен келіседі. Дарья Капустина зерттеулерінде, экзистенциалдық философияның табыс феноменін қарастырудың екі бағытын ұсынады. «Бірінші бағыт, ол табыстың адамның сыртқы жағдайларға қатысты жеңісін және адам болмысының негізгі құрылымын қатысты фактор ретінде. Екінші бағыт табысты субъект аралық және интербелсенді табиғатқа ие әлеуметтік феномен ретінде қарастырады» (Капустина, 2021:121).

Позитивтілік бұл жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастарын тек фирманың табысы, мемлекетке төлейтін салықтары бойынша өлшеумен бірге, оның қоғамдық мәнін, яғни қызметкердің экономикалық қажеттіліктерінің өтелуін білдіреді. Қазақстандық философтар Еркин Аубакиров, Гүлнәр Адаева, Арайлым Абдибек еңбектің мәнін ұғыну факторын зерттеудің этикалық құндылықтық аспектісін бөліп көрсетеді. Ғалымдар өзінің зерттеу мақаласында қазақстандықтардың еңбектің мәнін ұғынуында аумақтық ерекшеліктердің орын алатынын, олардың еңбек қатынастарына ұлттық болмысының, гендерлік ерекшеліктерінің ықпал жасайтынын бөліп көрсетеді. Мысалы, «Еңбек құндылықтары Орал қаласы тұрғындары үшін «Еңбек табыс көзі ретінде», Шымкент қаласы тұрғындары үшін меркантильдік және моральдық ригористік мағынада «Еңбек өскелең ұрпақты тәрбиелеу құралы» ретінде, Алматы қаласы тұрғындары үшін «Еңбек адамның өзін жүзеге асыру құралы» формаларында түсінілген. Гендерлік аспектіде ер адамдардың арасында еңбек табыстың көзі ретінде, әйелдер арасында адамның өзін жүзеге асыру құралы ретінде қарасты-

рылған» (Аубакиров, 2022: 85).

Бұл үдеріс өндірістің және ұйымның топ менеджменті мен иелерінің еңбек қатынастарындағы ойлауды, кәсіпкерлікті және ұрпақтық ерекшеліктерді ескеруінде қозғайды. Өйткені ұрпақтар еңбек қатынастарына ұйымға реттілікпен ену арқылы, ұйымдық құрылымнан өту арқылы және іскерлік мәдениеттің қағидаларын, заңдылықтарын кәсіптік құзыреттілік ретінде игеру арқылы ұйымды басқару, өкілеттіліктерді жүктеу шешімдеріне қатысуға мүмкіндік алады. Бұл үдеріс еңбектік қатынастарға бэби бумер, X, Y, Z ұрпақтардың бірдей қатысуы арқылы орын алуға болады. Бэби бумер ұрпақтар, яғни 1946-1964 жылдар арасында дүниеге келген ұрпақтар өздерінің ұжымдық еңбектік қабілеттерін жас ұрпаққа өткізіп беруде және басым көпшілігі зейнеткерлік жасқа толып отыр. Сондықтан еңбектік қатынастарда Y, Z ұрпақтардың ұжымдық еске алуы әлі де қалыптасу үстінде болғанымен, соңғы экономикалық, ковидтік дағдарыстар оларды қайта шындай түсті. Ғылыми зерттеулерге қарағанда, ұрпақтық ерекшеліктер еңбектік, экономикалық дағдарыстар кезінде қызықты ұжымдық мінез-құлық түрлерін байқатқан.

Қоғамдық қатынастарда ұрпақтардың алмасуы арасындағы жас ерекшеліктің буынды касперлер деп атайды және осы субъектілер ұрпақтар арасында орын алуы мүмкін құндылықтық қатығыстардың шиеленісу мүмкіндігін жеңіл, байқалмастан өтуіне септігін тигізеді. Экономикалық философия саласында еңбек қатынастарындағы ұрпақтық ерекшеліктер бірнеше бағытта зерттеледі.

– кәсіпорын басшысының, қызметкердің өзі атқарып отырған еңбектің шынайылығына қол жеткізу арқылы, оның әлеуметтік және идеялық мәнін түсінуі, бағалауы;

– тауарларды өндіру мен қызмет көрсетудің тұтынушылардың, қызметкерлердің талғамына, қажеттілігіне, ойлау стильдеріне бағытталуы;

– адамның қоғамдық мәртебесінің, абыройының, беделінің артуы, жасампаздық мәдениетінің қоғамдық дамуға ықпалын анықтауы;

– еңбек қатынастарының дұрыс ұйымдастырылмауы, қызметкерді қолдаудың әлеуметтік бағдарламалары дисфункционалдығы, латенттігі бар фирмалар, ұйымдарда еңбектен шамадан тыс шаршау әрекеттерінің орын алуы.

Батыстық экономиканың әлемдік нарықтағы брендтік жасампаздығы және табыстылық деңгейінің жоғары болуы еңбеккерлердің қажеттіліктерін, жұмыс істеу стильдерін жетілдіріп отыр. Тиісінше, дамыған экономикалық жүйелердегі кәсіпорындардың басты идеясын еңбек-

кердің жұмыс жасау еркіндігі, шешімдердің қабылдануына қатысуы және тауардың сапасына деген жауапкершілік, табыстылықтың қызметкерге бағытталуы орын алуға болады. Мұндай іскерлік мәдениет қазақстандық экономикалық жүйеде әлі де бизнесті ұйымдастырудың жабайы стилінен аса алмай отыр. Қызметкерлердің еңбектерін бағалау көп жағдайларда кәсіпорын басшысының ұйымдастырушылық және лидерлік қабілеттеріне, құзыреттілігіне тура тәуелді болады. Финляндиялық ғалым Ахмет Арслан бойынша, қызметкерлердің еңбекті дұрыс бағалауына, оның мәнділігін түсінуін үш шарттың негізінде зерттейді. Бұл қағидалар: «Жетекшілердің ұрпақтық ерекшеліктерін, қызметкерлер үшін еңбектің мәнділігіндегі жетекшілердің моральдық дилеммаларын және еңбектің мәнділігін интерпретивтік феноменологиялық талдау әдістемесі арқылы зерттеулерді жүргізу құрайды» (Ахмед, 2022: 2). Ахмет Арслан бұл ыңғай арқылы Финляндиядағы X, Y, Z ұрпақтардың өкілдеріне тиесілі, 5 ірі компанияның жетекшілерімен зерттеу жүргізеді. Олар CubiCasa, Lipasu, SciAR, Kuulu, Spark Sustainability компаниялары. Бұл зерттеудің негізінде Финляндия кәсіпорындарындағы ұрпақаралық ерекшеліктердің фирмаларды құру кәсіпкердің қабілеттерін зерттеу әлемінде жүзеге асыруға ұмтылысы және оның өніміне қол жеткізу мотивациясы, бизнесті адамның өзіндік еркіндігін жүзеге асыру және дәлелдеу ойыны ретінде көру, идеологиялық мотивация экожүйелерді зерттеудің орын алуы, табысқа ие болу мақсатына қарағанда технологиялық және ұйымдық мәселелерді шешуден ләззат алу, жасампаздық рух, моральдық бірегейліктің қызметкерлердің экономикалық табыстылығына жауапкершілікті алу, қызметкерлерді оқыту және олардан технологиялық шешімдерді үйрену, өзгелер туралы қамқорлық, мінез-құлық нормалары, қызметкерлердің мақсатты белсенділігіне ықпал ету, қызметкерлерді сақтап қалу секілді қағидалары анықталған.

Америкалық философ Марк Твенге «I Ұрпақ» (IGen) сандық ұрпақ теориясын жасақтап, қазіргі заманғы ұрпақтардың мінез-құлығын және құндылықтарын талдайды. Айдженер ұрпақтар 1995-2012 жылдар арасында өмірге келген, саналы өмірін интернет әлемімен байланыстарған сандық, постмилиенал ұрпақ. «Құндылықтары: баяу қозғалыс (созылған балалық шақ); интернет (телефонға тәуелділік); сырттай қарым-қатынас (бетпе бет қарым-қатынастың жоқтығы); сенімсіздік (психикалық бұзылулардың көбеюі); діннен алшақтау (діни қызығушылықтың әлсіреуі); тұйықталу; қаржылық қорғалмағандық (өзінің

жұмысына жаңа көзқарас); инклюзивтілік (қоғамның барлық мүшелерімен келісу, төзімділік, сөз еркіндігі); тәуелсіздік (саяси жағдайлардағы еркіндік) (Твенге, 2023). Марк Твенге анықтаған «І Ұрпақ» (IGen) ұрпақтың құндылықтарындағы өзгерістер кез келген қазіргі заманғы қоғамның өзекті мәселесі ретінде орнығып отыр. Адамның өмірлік құндылықтарын феномендердің қозғалысы арқылы сырттай басқару, оқиғалардың тізбегі арқылы бағалау орын алуда.

Қоғамдық санаға технологиялық — экономикалық шарттың өзара ықпалы салдарынан әлемдегі барлық дерлік елдердің кеңістігінде Z ұрпақтың орнын, 2010 жылдардан кейін дүниеге келген альфа ұрпақтар иеленді. Бұл альфа ұрпақтың мінез-құлығы мен сана-сезімінде, дүниені тұтас қабылдауында шынайылыққа қарағанда виртуалдылық басым. Бұл виртуалды өмірдің әдеттегі санадағы көрінісін, біз «Көк кит», «Жүгір әлде өл» секілді ойындардың салдарынан жасөспірімдердің арасында суицидтің орын алуын байқаймыз. Жастардың басым бөлігі әлеуметтік желілерін елге танымал актерлардың, спортшылардың, тиктокерлердің өмірін қызықтау үшін көреді, бірақ шын өмірде ол ақпараттарды қолданбайды. Әлеуметтік желілердегі контентті өмірін сапалы ұйымдастыруға қолданбайды. Қазіргі заманғы жастардың ойлауы шектеулі мәндерге ие. Сонымен бірге жастардың, жасөспірімдердің интернетте уақытты көп өткізуі, олардың қаладағы, мемлекеттегі өзгерістер туралы, қаржылық жағдайлар жайлы ақпараттарға ие болуына ықпал етеді. Жастардың көп мәліметтерге ие болуы, виртуалды өмірді күнделікті өмірмен шатастырып алуына түрткі болады. Жастар тәуелсіз болуды, әлеуметтік желілердегі лидерлер сияқты экономикалық дәулетті өмір сүруді қалайды. Салдарынан қоғамдық ниеті теріс адамдардың ықпалына тез түседі. Ата — аналар мен жасөспірімдер арасындағы түсіністіктің де виртуалды деңгейге ауысқанын байқаймыз.

Z, A ұрпақ өмірлік құндылықтарды шағын мультипликациялық комикстерден, Наруто анімелік ойындарынан көру арқылы пайымдаудың дұрыс екенін атап көрсетеді. Өйткені қазіргі заманғы жастар үшін көп беттік, қалың әдебиеттерді оқу ең үлкен қиындық болады. Сондықтан жасөспірімдер, жастар комикстерде өмірдің шындығы, өз өзіңмен сұхбат құру, сырласу, ешкімге айта алмайтын ойларыңды бейнелеу кездеседі және сонысымен де қызық деп есептейді.

Аға ұрпақ кітапта ізгілік, ақыл ой, тәрбие бар деп түсінсе, қазіргі заманғы жасөспірімдерді интернет иірімі байлап алуда, олар үшін жарқын түстер, ойындар керек. Интернеттік контенттің

жасөспірімдердің тәрбиесіне, ойлауына, тілінің қалыптасуына ықпалы күшті. Қазіргі уақытта 2-3 жастағы балалардың сөйлеу функциясы бұзылған. Жасөспірімдердің санасына ата — ананың «Iphone» сатып алуға қаржылық табысының жетіспеуін кемшілік санау тән. Бұл тенденция виртуалды әлем парадоксін құрайды. Виртуалдылықтың экономикалық тиімділігі, ол ақпараттық бағдарламалардың көмегімен дүниежүзілік қаржы нарықтарына еркін енуге мүмкіндіктің жасалуы және уақыт пен қаржыны ұтымды басқару қабілетінің туындауы.

Қазақстандық зерттеуші Гүлхан Нұрадин пайдалы әсер коэффициенті методикасымен берілген ұрпақтардың өмір сүрген және сүретін кезеңдеріне, ондағы тарихи, әлеуметтік уақыттың көрінісіне ғылыми баға берген. Тиісінше, «50-70 жас аралығындағы аға ұрпақ үнемі біреуге ұнағысы келеді; 35-50 жас аралығындағы азаматтар өзгеге деген сенімсіздігі басым, секемшіл, бастапқы ойынан тез айнады, бірақ сол ойына қайта келеді; X — ұрпақ тек өздеріне сенеді, баламалы ойлайды, таңдауы бар, өзгеруге қабілетті» (Нұрадин, 2020:20). Бұл әдістеме қазіргі заманғы қазақстандық қоғам үшін ұрпақтың уақытын анықтау екі жақты мағынаны қалыптастырып отыр. Қазақстандық қоғам жаһандық құзыретеліктерді меңгеруге, әлемдік экономикалық, өнеркәсіптік жетістіктерді игеруге қатысуды көздейді.

Y — ұрпақтың басты кемшілігі, ол тек Фейсбук, Телеграмм, Инстаграм, Тик ток жағдайында виртуалды өмір сүруі және ақпараттың белгілі бір ойдың тереңдігін қамтымауы салдарынан тек фрагментарлы ойлауы, шешім қабылдауы болады. Ал, Z — ұрпақ қазірдің өзінде «Тик ток», «Майнграфт» бағдарламаларының шегінде дүниені шарлап кетеді. Қазіргі жасөспірімдер компьютерлік, виртуалды әлемдегі ойындар, танысу платформалары арқылы дүниенің кез келген бөлігіндегі құрдастарымен, замандастарымен байланысқа шыға алады, тартысады, бәсекелеседі, дауласады, достасады. Дегенмен адам өзіне тән этникалық, нәсілдік, діндік бірегейлігін виртуалды әлемге де трансформациялап, «қақтығысты дауылдарды» көтеруге бейіл. Балалар кейде діни сеніміне, нәсілдік ерекшелігіне қарай достарды табуы, виртуалды ойындарда қарсылас ретінде топтасады, кейде, өзара күнделікті қарапайым санада ұлттық, нәсілдік дискриминация әдістерін қолданады.

Сандық ұрпақты идеологиялық иллюзиялармен алдауда өте қиын, өйткені олар деректер арқылы факт-чекінг талабымен жұмыс жүргізеді. Қазақ қоғамында бір парадоксалды жағдай бар,

жастар қаншалықты сандық технологияларды игергенімен өзінің дүниетанымында діни пайымдауларға жақын, өзгеше ойлаудан қорқу сезімі бар.

Ұрпақтық ерекшеліктердің сипаттарын ажыртауда әртүрлі ғылыми көзқарастар бар, бірақ барлық дерлік зерттеулерде Х, Y, Z ұрпақтардың жекелік және қоғамдық портреттерін жасауда пікір ортақтығы бар.

Х – ұрпақ консервативті, қауіпсіздігіне көп көңіл бөлетін, өзінің күшіне сенетін, скептикалық ойлауы бар, жеткілікті дербес, субъективтілікте сенімді адамдардың жас ерекшеліктік, әлеуметтік бірлігі ретінде қарастырылады.

Y – ұрпақ милиеналдар ретінде техникалық құралдарды жетік меңгерген, жаңа мүмкіндіктерге ашық, тәуелсіз, парыз, мақсаттылық құндылықтарын құрметтеуші, еңбегіне тиісті сыйақыны талап ететін, ұйымдық міндеттерін жұмыс орнындағы мәдениетпен байланысты қарастыратын жастардың тобы ретінде сипатталады.

Z – ұрпақтар универсалды, мейірімді, өзгелердің пікіріне иланатын, өмірдің гибриді түрін таңдауға дайын, қашықтықтан оқуды, жұмыс жасауды құптайтын, тұтыну қабілеті жоғары жастар ретінде сипатталады.

Салыстырмалы түрде қазіргі заманғы ұрпақтардың сана-сезіміне тәуелсіздік құндылығының тән болуы, болашақ қазақстандық қоғамның философиялық толғаныстағы үміті саналады. Тарихи санамызда отарлық мәдениеттің ықпалымен бейсаналы түрде орныққан үрей, жалтақтық, өзге мәдениет алдындағы интеллектуалдық төмендік қазіргі заманғы ұрпақтық ойлауға жат ұғым ретінде орнығады. Сондықтан тәуелсіздік ұрпақтар ретінде жастардың саналы бөлігі отаншыл, ұлттық мүддеге бейім бағытта тәрбиеге ұшырайды, қаншалықты сандық ойлауы қалыптасқанымен, ұлттық бірегейлігін басшылыққа алады.

Ұрпақ уақытының белгілі бір болмысты және дәуір рухын қалыптастырудағы құндылықтары қарастырылады. Яки, ұрпақты индивидтердің өмірінде орын алатын қайталанбас қолтаңба, ұрпақтың үлгі ретінде жаңа стильдерді қалыптастыру мүмкіндіктері, ұрпақаралық қатынастардағы тәрбиелеу үдерісінің позитивтілігі мен мәнділігі туралы көзқарастар елдік, ұлттық және қоғамдық дамудың мазмұнын ұғуға жетелейді. Елдік мәселелерді ұрпақтың уақытының өлшемі ретінде толғану және оның болмысын, болмыстық оқиғаларын, өзгенің табиғатын түсінуге деген ұмтылыстар күрделі тарихи кезеңдерде тарихи тұлғаларды жасайды. Ұрпақтардың қоғамдық қызметінің латентті өтуі дәстүрлі қоғамдарда жиі орын алады.

Ұрпақ теориясын зерттеу негізінде мынадай тұжырымдар жасалды. Біріншіден, ұрпақтық сана-сезімде ұрпақтың тәрбиесі, өзара әрекеттесу теориясы бойынша, адамдардың жас ерекшеліктік бөлінісінің барлығының моральдық, этикалық жауапкершіліктері арқылы орын алады; Екіншіден ұрпақтың мәніне мақсаттылық тән, ал қызметіне белгілі бір мақсатты тасымалдау, тарату тән. Адам дүниені ақылмен тану арқылы ұрпақтық мәнге ие болады; Үшіншіден, кез келген қоғамдағы ұрпақтың мәні ұрпақаралық қатынастардағы коммуникацияларды ортақ құндылықтарға, заңдық құқықтық тәртіпке, болашақты біртұтас адамшылық, ізгілік идеясы арқылы даналыққа, көрегенділікке түйінделген; Төртіншіден, ұрпақтық қатынастар көпжақтылыққа, мейірімділікке, ер және әйел бастауының теңдігі арқылы орнығады. Ұрпақ интелексісі әйел, ана арқылы айқындалып, ұрпақтың тәрбиесіне тікелей жауапты. Ұрпақ тәрбиесінде әке мен ана бірдей жауапкершілікке ие болуы тиіс. Мемлекеттілік тарихында ана ұлттық болмыстың иесі саналады. Қазақ халқының дүниетанымында адамның жақсы болуы нағашыдан мағынасындағы сөздің қалуы ананың ұрпақ тәрбиесіндегі ролін анықтайды; Бесіншіден, ұрпақ саласындағы зерттеулер ұрпақтық қатынаста тарихи сана, ұлттық ойлау үзілісі болмауы тиіс. Өйткені ұрпақтық үзілісте тарихи саналардың үзілуі, ақтандағы орын алады. Ұрпақтар мемлекеттік, ұлттық, адамзаттық, азаматтық және этикалық, мәдениеттік тәрбиелеуден өтуі тиіс, ал этностар ассимиляциялануы қажет. Ұрпақ теориясының философиялық ыңғайларын зерттеулер арқылы мынадай нәтижелер анықталды. Ұрпақтық қатынастар адамдардың қоғамдық және ұлттық тәжірибесін, оның тарихи сана-сезімін, зердесін, дүниетанымын жаңа дәуірлерге тасымалдайтын кагорталық жиынтықтар.

Бұл бағыттың ғылыми жаңалығын ұрпақ теориясының философиялық мектептерінің позитивистік, экзистенциялық және рухани-интеллектуалдық аспектілерінің зерттелуі құрайды. Бұл зерттеулердің нәтижесінде ұрпақтар өзіндік ішкі мақсаттылығы бар құндылықтық бағдарларды түйіндеуші адамдардың жиынтығы ретінде қарастырылды. Ұрпақ теориясы қоғамның барлық мүшелеріне олардың жастық ерекшеліктеріне қарамастан адамның құндылықтық даму бағдарламасын жасау қажеттілігін алға шығарады. Бұл бағдарламада саяси – идеологиялық құрам орын алмауы тиіс. Адамның құндылықтық даму тұжырымы ізгілік, әділдік, ортақ мультимәдениеттілікті негіздейтін, толерантты, өшпенділікті жоққа шығару секілді элементтерге

негізделуі тиіс. Себебі қазақстандық қоғамда тұлға маргиналдылығы, адамның болмысын мойындамау, жастардың деградациясы, әйел құқығының бұзылуы, балалардың құқықтарын бұзу, сыбайлас жемқорлық қылмысының өршуі орын алып отыр. Ұрпақ теориясы саласын зерттеуші философтардың, шетелдік және отандық теоретиктердің көзқарастарын, тұжырымдамаларын саралау негізінде ұрпақтық үлгі жасақталды. Ұрпақтық үлгі адамдардың кагорталық жиынтығы, өмірлік кезең, уақыттық жиілік негізінде тарихи сана мен жадтың кезеңдік трансформациялануын, теориялық және практикалық таным арқылы қоғамдық қатынастардың өзгеруін, әлеуметтік және мәдени құндылықтық өзгерістерге бейімделуін қамтитын эмпирикалық және трансценденталды, әлеуметтік құрылым. Ғылыми зерттеулерді саралау арқылы ұрпақ категориясының әрбір жаңа үлгісінің қалыптасуымен оның әлеуметтік және мәдени қоры жиынтықталып жаңа сапалық мәндерге, қасиеттерге ие болатыны анықталды.

Ұрпақ уақыты дегеніміз адамның құндылықтық кеңістігі. Бұл кеңістік адамдардың экономикалық, әлеуметтік және саяси, моралдық, этикалық дүниетанымдары, білімдері арқылы ұрпақтық сананы анықтайды. Ұрпақ ұғымының уақыт арқылы және хронологиялық сана негізінде өрістелуі, белгілі бір кеңістікті иелену мүмкіндіктері, көкжиектері ашылады.

Адам өзінің өткен тарихын еске алулар, қазіргі уақытын мүмкіндік, болашақ уақытын мәңгілік құндылықтарының дәнекерлігі ретінде қарастырады. Ұрпақтар уақыттың өзгерісіне қарай болмыстық оқиғаларды рефлексиялайды және оны өзінің «мені» мен өзгелер арасындағы құбылыстарға интеграциялайды, ұрпақтық портреттерді құрастырады.

Уақыт категориясы барлық философиялық мектептердің зерттеу объектісін құрайды. Біздің зерттеуімізде адамның уақыттық өлшемі ұрпақтық мәнмен синтездеу арқылы қарастырылады.

Адам уақыты тарихи, әлеуметтік, интеллектуалдық, экзистенциалдық, интерсубъективті және дискурстық ыңғайлар арқылы анықталады, бірақ уақыттың барлық көкжиегінде тарихилық мәселе көрініс тапқан.

Георг Гегель бойынша, «Әрбір жеке адам өз халқының ұлы және сонымен бірге өз уақытының ұлы болып табылады. Өйткені мемлекеттің дамуы кезінде, олардың ешбірі артта қалмайды, тіпті, одан озып шығады» (Гегель, 1993: 102). Георг Гегель анықтамасында, адамның мемлекеттегі өмірінің мазмұны руханилық мәнге, индивидуумдардың адамшылық ерік-жігеріне

және оның еркіндігіне түйінделіп, уақыттың көпбейнелігінде және тарихтың шиыршықталған қайталануы арқылы жүзеге асады.

Уақыттың қазіргілігінің бір сәттілігі интеллектуалдық күй формасында түйсінледі. Адамның құндылықтық әлеміндегі негізгі сыр, құпияның кілті де жаңа ұрпақтың уақыты аға ұрпақтың уақытынан қаншалықты ерекшеленеді, соны анықтауға түйінделген. Уақытты интеллектуалдық түйсінуді адамның өркениеттік ерекшеліктерді, білімдерді игеруінен тұрады. Адамның уақыттағы интеллектуалдығы объективті уақыт тұрғысынан алғанда уақытшалық сипатқа ие және уақытты экзистенциалдық түйсінуге қарама қарсы қалыптасады. Людовиг Фейербахта уақыттың сынынан өткен жалпыға бірдейлік пен қажеттілік танымды интеллектуалдылықты білдіреді. «Уақыт болмыс пен бейболмыстың біртұтастығының көрінісінің формасы, оның өзі бұл ақиқатты бейнелейді» (Фейрбах, 1974: 60). Людовиг Фейербахта тек ойланушы тірі жан ғана еркіндікке және тәуелсіздікке ие.

Фридрих Ницшеде, «адам өткеннің барынша күшейе түскен, алып ауыртпалығына жан тәнімен қарсы тұруы тиіс. Өйткені, өткеннің салмағы көзге көрінбес, қараңғы жүк ретінде адамды төменге идіреді немесе оны басқа жаққа бұрып жібереді. Адам кейде өзіне тең келетін қоғамда өткеннен бас тартады және оның рахаттана жасап, өзгелердің қызғанышын тудырады» (Ницше, 1990: 161, 163). Фридрих Ницшенің адамды этикалық-моралдық құндылықтар, діни шарттар аздырады, оның болашаққа ұмтылуы үшін аяғына тұсау болады деген көзқарастары сол дәуірдегі христиан дініндегі тоталитарлық әрекеттерге қарсы бағытталған еді. Фридрих Ницше тарихилық пен тарихилық емес жеке адамның, халықтың, мәдениеттің саулығы үшін бірдей қажетті деп, тарихи сананың қазіргі уақыттағы орынын монументалды, антикварлы, тарихтың сыни тегі классификациясына жіктейді. Соның ішінде тарихтың сыни тегі бөлігінде адам өткенді уақыттан уақытқа қиратуда екі мінезге ие деп зерттейді. Оның бірі адам әлсіздігі, екіншісі адамның күші. Бұл екі мінез адамзат тарихында, оның ішінде философиядағы метафизикалық ойлау мен метафизикалық емес ойлау, кейінгі эволюциялық пен теологиялық арасындағы ғылыми, әдеттегі санадағы тартыстың алаңы ретінде қызмет атқарып отыр. Адамның күшінің стерженін ғылым және білім құндылықтары құрайтынын қазіргі уақыт дәлелдеп отыр. Ұрпақаралық қатынастағы ескі мен жаңаның күресін зерттеуде, Фридрих Ницше, адамдардың алдыңғы ұрпақтардың міндетті өнімі екенін, тиісінше

адамдардың алдыңғы ұрпақтардың адасуларының, құмарлықтарының, қателесуінің, тіпті қылмыстарының жалғасты өнімі ретіндегі мазмұн деп қарастырады.

Фридрих Ницше осы тарихилықтың үш кезеңінің ортасында қалған адамдарды «әтектер ұрпағы» деп атайды. Тиісінше, оның «әтектер ұрпағы, яки әтектер үшін барлық әйел заты бірдей, олар үшін әйел өзінде, мәңгі қолжетімсіз, сондықтан да мүлдем ерекшеліксіз көрінеді. Тарих қана олардың тарихты ешқашан жасай алмауы себепті, солардың күш салуларымен, өзінің керемет объективтілігін сақтап қалуда», - деген ойы ескіні құрмет тұтушылардың тарихты әлдебір орта тек ретінде жасауға ұмтылушы әрекеті деп бағалайды. Сонымен бірге қоғамда ескі құндылықтар үстем болған жағдайда шынайылықта әрекетті жаңа және туындаушы барлық кезде күдікке алынып, одан бас тарту ұсынылады. Сондықтан Фридрих Ницшенің философиясы адам бақытын осы дүниеден тапса екен деген үміті, адамның күшін, жігерлі, сындарлы тұлғаларды, жаңаны дискурсқа алып шығуын, оның атеистік көзқарастарын ойымыздан сылып алып қарастыратын болсақ, онда оның идеяларының трансгуманистік және постгуманистік философиялық концепцияларға өзек болғанын байқаймыз.

Постадам теориясының мәні адам өз өзі жасаушы, өндіруші субъект деген ұғымға саяды. Бұл антропостық теория адамның қазіргі өркениетті игеруінде, әсіресе ғылыми-техникалық жетістіктер арқылы игеруінде өзектілікке айналып отыр. Сонымен бірге бұл теорияның негізгі ерекшелігі дүниедегі барлық тірі жандылар тепе-теңдікке ие деген көзқарасты ұстанады. Бұл жердегі негізгі мәселе ол адамның жасанды интеллекті негізінде өзіне ұқсас адамды жасап шығаруы немесе клондауы, медициналық дерттерді геномды ауыстыру арқылы емдеуі, өлімге қарсы дәріні ойлап табуы, биотехнологиялық, нанотехнологиялық, ақпараттық технологиялық жетістіктерге қол жеткізу. Дегенмен жасанды интеллектімен жасалынған дүние адамның өзінің бақылауынан шығып кетпейді ме деген мәселеде талқыда бар түсінік.

Ұрпақтың мәні қараңғы түнектен сәулені іздеуі, өзін құтқару арқылы тұтас болмысын қорғауын білдіреді. Әлеуметтік философиялық тұрғыдан алғанда, ұрпақ қоғамдардың үнемі өзгеріске түсуін, ауысуын білдіреді. Экзистенциалистік көзқарас тұрғысынан алғанда, қоғам біртұтастық арқылы адамның болмысына қауіп төндіруші идея, үстемдік күші ретінде зерттеледі. Сондықтан адамның, ұрпақтың болмысы тарихилыққа қарсы, қазіргілік модусы арқылы

түйінделіп, адам шекаралық жағдайларда тап болғанда оның экзистенциясы көрініс табады. Адам белгілі бір оқиғаның желісін немесе әсерін әртүрлі қабылдайды.

Мартин Хайдеггерде ұрпақтың мән қатысудың тарихи жолының экзистенциясы және тағдырдың дүниедегі болмыс ретінде, өзгелердің болмыстық оқиғасымен бар болушы мән ұғымындағы экзистенциясы формасында анықталады. Қатысу өзінің еркіндігін уақытшалықта, өлімнің билігімен шектейді, бірақ болмысы жалғасын таба береді. Ұрпақтың тарихилық субъектісі ретінде белгілі бір уақытшалықта кеңістікті иеленуімен үзіледі. Тарихи жол бұл жеке тағдырлардың экзистенциясы емес, ол белгілі бір дүниеде өзара болмыстың құндылығы ретінде орнығады. Сондықтан Мартин Хайдеггер, ұрпақтық қатынасты «Тағдырдың тарихи жолы өзінің ұрпағында, қатысудың онымен толық, өзіндік болмыстық оқиғасымен түзілуі», - ретінде белгілейді (Хайдеггер, 1997: 384-385). Әлеуметтік философиялық көзқарас тұрғысынан алғанда қоғам, әлеуметтік уақыт біртұтастанған ойлау, іс-әрекеттілік, билік формасында тұлғалыққа, оның экзистенциялық қамқорлығына үрей тудырады. Әрине адам ажалды, сондықтан болмыстың уақытшалығы оның қамқорлығының құралына айналады. Бар болушының болмысы ажал, кінә, ар, еркіндік және өмірдің соңы секілді экзистенциялық күйлер арқылы мәнге айналады. Сондықтан Мартин Хайдеггер экзистенциализмінде болмыстық сұрау өткен тарихта, қазіргілікте және болашақта үнемі қайта қайта туындауымен өзектілікті құрайды. «Өткен қатысудың соңынан ілеспеді, ол үнемі оны болашақтан, алдынан күтіп алады» (Хайдеггер, 1997:20). Аға ұрпақтың тәжірибесі өткен тарихта орын алу арқылы болашақ ұрпақ үшін өмірдің, болмыстың мәнін түсініктілік жазығында өрістетеді.

Карл Ясперсте ұрпақтардың экзистенциясы жастар отыз жасқа толысқанда және шексіз рухани тәртіпке мойынұсынғанда ғана жүзеге асады. «Бұл адамдар уақыт сезіміне ие болып, ештеңеге танданбайды» (Ясперс, 1994:395-398). Карл Ясперс қазіргі адамның экзистенциялық күйін оның пайғамбарлықтан саналы бас тартуынан, еркіндікке ұмтылысынан табады. Адам болмысының сипаты барлық нәрсенің алғышарты. Рухани жағдай қазіргі адамның саналы күресін, әрбір адамның өзінің шынайы мәні үшін күресімен түйінделген. Адам уақытта онтикалық болмысқа және онтологиялық болмысқа бірдей ие тіршілік иесі. Хосе Ортега Гассет әлеуметтік уақытты қоғам арқылы орнықтыруды ажы-

ратады. Хосе Ортега Гассетте уақыт ұғымына әдеттегідей өткенмен, қазіргінің және болашақтың сипаты, адамның өзінің өміріндегі тәжірибелерімен заманды бағалау, оның құрылымын анықтаудағы рух, тірі уақыт тән. Ғалымның зерттеулерінде уақыт рухы адамдар сеніміндегі ортақтық, уақыт биіктігі, адам болмысының, ұрпақтың санасындағы қайшылығы ретінде қарастырылады. Уақыт адамның тарихи, әдеттегі сана-сезімінің түйсігін телу арқылы, индивидке, әлеуметтік топтарға, қоғамға дәуір рухын бағалауға мүмкіндік береді.

Хосе Ортега Гассет уақыт биіктігі деп тірі толғақты, шарықтаушы, құлдыраушы, қарсылықты тудырушы, сыртқы уақытты айтып отыр. «Өйткені жылдам өзгеруші уақыт адамды қажытады. Өткен бүгіннен өтуі себепті төмен деп санау шындық болмайды, бүгінгі барлық кезде ескіліктен төмен қойылған емес және ол барлығынан өтуі, сақталуы себепті жоғары қойылған да емес. Биіктік әр дәуірмен, өмірмен қол жеткізуде өзінше түйсініледі» (Гассет, 2003:31). Сондықтан Хосе Ортега Гассет ұсынған уақыт кемел, жетілген уақытқа, өз өзіне сенімді, шөлі қанған іштей өлі уақытқа жіктеледі. Іштей өлі уақыт бастауынан сарқылған уақыт, біз уақыт биігіндеміз деп ойлау иллюзиялы деген көзқарасты ұстанады. Бұл тарихи үдеріс біздің қоғамымыздың кеңестік кезеңінде орын алды, әліде тоталитарлық жүйелерде бар бағалау құндылығы. Тарихтан білетініміз кез келген империя кемеріне келіп, менменсу күйінен құлдырау кезеңіне аяқ басады. Сондықтан уақытта шектілік пен мәңгілік деген ұғымдар жоқ. Уақыт биіктігі бұл оның ұшар басына орналасып, өзгені бағалау емес, ол сол үдерістің ішіне орнығу арқылы әлемді тану. Адамның уақытты түйсінуіндегі қайшылығын жалғыздық ретінде анықталады.

Ұрпақтың мәнін идея ретінде анықтау, оның өткенге, қазіргілікке және болашаққа созылуымен біртұтастық, шынайылық әлеміне енуімен түсіндіріледі. Ұрпақтық қатынаста өткен тәжірибе, қазіргілік білім, болашақ мақсат ретінде айқындалады. Әлеуметтік уақыттың индивидтің шектілігімен үзілмейді, оның тек мемлекеттегі, жалпы дүниедегі саяси, мәдени және технологиялық формалардың ауысуымен, халықтың уақыттық бағалауымен орын алады.

Жалпы тарихилық адамның өзінің төл тума мәдениетімен, ұлттық болмысымен бірегейлікте және біртұтастықта орнығады. Бұл ғылыми тұжырымдардан анықтайтынымыз, ол адамның болмысының шекаралығы, оның уақыттағы үзілуі ұрпақ уақытының тарихи кезеңдігін анықтайды.

Белгілі бір ұрпақтың уақыттағы іс-әрекеттілігі, қоғамдық идеялық мәні оның жас ерекшеліктеріне қарай өмірдің келесі кезеңіне өту арқылы өзінің сапалығына ие болады. Сондықтан тарихилықта уақыт 1) сакральдылық; 2) өзіндік ішкі субъективті бағалау; 3) әдеттегі ерекшеліксіз уақыт түрлеріне жіктеледі.

Майкл Корстен ұрпақтардың дискурсивті тәжірибесінің экспликациясы үшін тарихи уақыт, тарихи семантикалық, мәдени айналымдар ұғымдарын бөліп көрсетеді (Корстен, 199:33). Эстониялық ғалым Райль Нугин ұрпақ уақытын өзара әрекеттегі жиынтықталған өзгені ұйымдастыру және белгілі бір семантикалық тәртіптерді түзу арқылы ортақ дискурстық тәжірибелерді қалыптастыру мағынасында зерттейді (Нугин, 2010:356). Райль Нугин ұрпақ уақытын әлеуметтік уақыт ретінде анықтап, оның тарихтағы оқиғалар, саяси идеялар, мемлекеттің саяси, экономикалық тәжірибесіндегі өзгерістер арқылы семантикалық мағынада орнығатынын зерттейді. Бұл үдеріс, біздің тәжірибемізде, қазақстандық қоғамның саяси тарихында орын алған құбылыстардың бірі болады. Ұрпақтың әлеуметтік уақыты тұрғысынан алғанда халықтың әдеттегі санасында коммунистік идеологияны жақтаушылар, оларды құндылық ретінде жоққа шығарушылар, батысшылдар, түрік мәдениетін жақтаушылар, либералдар, консерватор діншіл және ұлтшылдар болып жіктеледі.

Әлеуметтік уақыт қоғамдық өзгерістерге сәйкес құбылу сипатына ие. Абай бұл қоғамдық құбылысты былайша сипаттайды:

«Әркімді заман сүйреме,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Заман оны билемек» (Абай, 2020: 62).

Бұл ұрпақтың уақыттық және уақытшалық құндылықтарды әуеліде субъективтілік түйсік арқылы қабылдап, оны ұжымдық пайымдаудың формасына айналдырады.

Ұрпақ уақытын түйсіну, шынында да белгілі бір құндылықтық кеңістіктер үшін семантикалық күрес арқылы орын алады. Ұрпақтың уақыттық сана-сезіміне, ойлауына семантикалық аспектілерде иелік жасау, түпкілікті, сол дәуірдегі ұрпақтардың ойлауын қалыптауды және басқаруды негіздейді. Бұл тенденция қазіргі қазақстандық қоғамдағы жастардың сана-сезіміне иелік жасау мақсатындағы, дәстүрлерді теріске шығару арқылы сырттан таңылған идеяларды болмыстық мәнге айналдыру әрекеттерінен анық көрінеді. Абай түсінігіндегі рухани ұстаз-

дар, тарихи тұлғалар қазіргі әлеуметтік уақытта тапшы болып тұр.

Ұрпақ уақытының негізгі мақсаты адамдардың жас ерекшеліктеріне, мәдениетіне және дүниетанымына қарай уақыттың мәнін бағалауын бөліп көрсету. Сондықтан адамдар уақытты басқаруға ұмтылып қоғамдарда ұрпақтық пайымдау дискурстық пікірталастар, шығармашылық іс-әрекеттілік, мәңгілік және уақытша құндылықтардың мәнін түйсінуге бағыттарда өмірлік толғанысқа беріледі. Ұрпақтар уақытты заманның құбылуына қарай рефлексиялайды.

Әлеуметтік философия саласында уақыт қоғамдық жүйелердегі өзгерістер, әлеуметтік параметрлер, технологиялар және коммуникациялар, арқылы сипатталатын шынайылық мағынасында зерттеледі. Әлеуметтік уақытта қоғам көпқырлы кеңістік мағынасында және уақыттағы жасампаздық сипатында айқындалады. Әлеуметтік уақыт түрлі қоғамдардың уақыт идеясын түйсінудің өзіндік мәніне ие болады. Сонымен бірге әлеуметтік уақытта қоғамдық даму идеялары сабақтастығы мен күресі, тәжірибелердің сақталуы, уақыт біртұтастығы және тарихи сананың уақыттағы сақталуы мен өзектілігі мәселелері қатар орнығады.

Уақыттың философиялық мәні адамның қазіргі уақыты мен болашағы, өткен тарихы арасындағы мәндердің мағынасына, идеясына үнілу құрайды. Бұл ұрпақтық қатынастарда уақыт тарих континуумындағы сабақтастық, бірнеше ұрпақтардың қатар орналасуы, бірге өмір сүруі ретіндегі бір уақыттылық, уақыттық және уақытшалық ұғымдарын түйсінуге арқылы зерттеледі.

Өйткені әлеуметтік уақыт қоғамдағы әлеуметтік үдерістердің ұзақтық пен бірізділігін интерсубъективті түйсінудің өлшемдерімен сипатталады. Себебі әлеуметтік уақыт адамның биологиялық өмірімен шектелмейді. Сондықтан ұрпақ уақыты екі жақты философиялық түйсінуге объектісіне айналады және бағаланады. Бұл іс-әрекеттілік ұрпақтардың тұрақты қайта жалғастығы арқылы адамның экзистенциялық күйі арқылы орнығады.

Уақытты экзистенциялық түйсінуге интеллектуалдылық түйсінуге қарсы бағытталады. Ұрпақтың интеллектуалдылық өлшемі ғылым құндылығы арқылы, ал, экзистенциялық күйі бар болушы мәндің нақтылығы және оның ішкі құйылған мазмұнымен анықталады. Нәрсенің нақтылығының мазмұнында, табиғатында бар болушы мән өз болмысын жоғалтпау идеясы арқылы өзектілікке айналады. Бар болушы мәндің болмысына өлім, белгісіздік арқылы төнетін

қауіп, оның уақытының шектеулігін анықтайды. Белгілі бір ұрпақтың уақыттағы шектеулігі, оның тіршілігінің экзистенциясын, болмыстық сфераларын, өзінің өмірін өзгенің болмысы арқылы құндылыққа айналдыруы, онтикалық және онтологиялық толғанысын түзеді.

Қазақстандық «Қоғамдық даму институты» 2022 жылы 1200 респонденттердің арасында сауалнама жүргізген. Сауалнама отбасылық құндылықтарды анықтау мақсатында жүргізілген. Сауалнама нәтижесінде отбасылық құндылықтардың басым бағыттары «қамқорлық, сыйластық, қолдау ретінде (72,2%), эмоционалдық психологиялық жайлылықты (19,9%), материалдық жағдайдың жақсы болуын (18,6%), махаббаты (40,3%), балалар (34,6%), бірге уақыт өткізу (12,9%), сенім, көзқарас үйлесімі, өзара түсіністік (28,1%), 17,8 % ата-анаға, аға буын өкілдеріне көмек беру (17,8%), ұрпақтар сабақтастығы құндылықтары (6,3%)» ретінде атап көрсеткен (Қоғамдық даму институты, 2022). Сауалнама нәтижелерінен қазақстандық қоғамда ұрпақаралық байланыстардың беріктігін және өзара түсіністік, қамқорлық ұғымдарының құндылық ретінде жалғастығын анықтаймыз.

Респонденттердің ұрпақаралық сабақтастықты (6,3%) деңгейінде анықтауын қоғамдардың индустриалды қоғам талаптарына сәйкес қайта әлеуметтену үдерісінен өтіп, қалалық мәдениеттерге тән шағын, дара отбасыларға айналуынан көреміз. Ал екінші жағынан ұрпақтық дифференциация ірі қалаларда анық байқалатын құбылыс. Өйткені адамдардың уақыттағы ұрпақтық сезімі ауылдық елді мекендерде халықтың туыстық байланыстарына, әлсіз әлеуметтік стратификациялануына сәйкес айқын көрінбейді. Салдарынан адамдардың әлеуметтік топтары өз дәуірінің өкілдерімен бірігу, қоғам туралы идеялармен бөлісу, қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында стихиялы болсын ұрпақтық байланыстарға түседі.

Әлеуметтік философияда адам уақыт арқылы өзін ерекше бүтіндік формасында сезініп, тұтас қоғам арқылы ұрпақ бірлігінде әлеуметтік-мәдени универсумды қалыптастырады. Сондықтан кез келген ұрпақ феномені мәдени динамика үдерісімен өзара байланыста дамиды. Жастардың ауылды мекендерден қалалық ортаға қоныс аударуы олардың әлеуметтік уақытының қайта конструкциялануына негіз болады.

Жастардың қалалық ортаға физикалық, парасаттылық, әлеуметтік бейімделу уақытының ұзақ және күрделі қозғалысы, олардың тұлғалық, психологиялық – эмоционалдық деңгейде қажуына түрткі болады. Бұл әлеуметтік мінез-

кұлық ірі қалалардағы жастарды тұрғын үймен, қажетті жұмыс орындарымен қамту, еңбектік құзыреттіліктерін қайта бағалау, социалингвистикалық мәселенің туындауы секілді кешенді туындайды.

Рональд Инглхарт бұл құндылықтарды өмірді сүрудің материалдық және физикалық қауіпсіздік және өзін таныту, еркіндік, қатысу, сұлулық топтарына біріктірген. Әр жыл сайын «World Values Survey Wave» тақырыбымен әлемдік деңгейде елдердегі құндылықтардың зерттеу бойынша әлеуметтанулық зерттеулер жүргізіледі. Аталған зерттеудің 2020 жылғы қорытындысы сәйкес, қазақстандықтарға «Сіз еліңіздің азаматтығымен қаншалықты мақтана-сыз?» деген мағынадағы сұраққа респонденттердің «өте қатты мақтанатынын (49,6%), 38,9 % мақтанатынын (38,9%), мүлдем мақтана алмаймын (9,2%)», – деген мағынада жауап берген және олардың «29 жасқа дейінгі жастар (50,3%) , 30-49 жас аралығындағы орта жастағыларды (49,3%)» құраған (Инглхарт, 2020). Бұл әлеуметтік зерттеу нәтижесінен қазақстандықтардың қоғамдық пікірінен патриоттық құндылықтың басым екенін анықтаймыз.

Алайда аталған әлеуметтік зерттеу кезінде, мынадай қызықты, бірақ қайшылықты көзқарас анықталған. Зерттеуге қатысқан қазақстандық респонденттерге қоғам үшін еркіндік пен теңдіктің қандай маңыздылығы бар деген сұрақ қойылған. Бұл сұраққа респонденттердің «еркіндік (51,1%), теңдік құндылықтары (42,3%) маңызды деп көрсеткен. Дегенмен респонденттер қоғамда еркіндік құндылығы маңызды ма, әлде қауіпсіздік құндылығыма маңыздыма деген сұраққа еркіндікті (26,5%), қауіпсіздікті (68,5%) таңдаған (Инглхарт, 2020). Сауалнама нәтижелерін талдайтын болсақ, біздің қоғамның өкілдері еркіндік ұғымын өзінің жеке мүддесі тұрғысынан және ортақ қоғамдық қажеттіліктер тұрғысынан бағалау құбылысы бар. Респонденттердің 51,1% еркіндікті теңдікке қарағанда жоғары бағалауы, біздің азаматтардың қазіргі заманғы уақытты бағалаудағы ішкі, бірақ тұйықталған дүниетанымын білдіреді. Қазақстандық қоғам саяси мәселелерде билік белгілеген кеңістіктен сыртқа шығуға, өзінің қоғамдық ой пікірін нақты білдіруге әлі де дайын емес. Бұл құбылысты респонденттердің еркіндікті қауіпсіздікке қарағанда төмен бағалауынан айқындаймыз.

Жалпы еркіндік және қауіпсіздік мәселесінде қазақстандықтар өзінің жеке қауіпсіздігіне қатер төнгенге дейін әрекетсіз, немқұрайлы қалу мінез-құлығын танытып отыр. Адамның пайымы құбылыстар дүниесімен шектеледі, ал, ақыл

мейлінше биік, мақсаттарды ойлайды, зерттейді.

Қазақстандықтардың еркіндікті тек өзінің жеке әлеміне, қажеттіліктеріне қауіп төнгенде ғана мән ретінде бағалауы, өзінің жеке қауіпсіздігін қоғамдық мүдденің алдына шығаруы бір күндік мүдделік пайымдауын білдіреді. Мысалы, қазіргі заманғы адамдардың зердесі өте қысқа және бір күндік оқиғалардың рефлексиясымен ойланып, қоғамдық құндылықтарды интернет тілінде стрим немесе рилстармен бағалайды.

Белгілі бір уақыт өткеннен кейін тұлға үшін кешегі өзектілікті оқиға ұмыт қалады немесе ол құбылыстан сабақ алу, қорытынды жасау әрекеттері жүргізілмейді. Салдарынан қоғамдық оқиғалардың мазмұнын өзіндік ортақ мүддеге, ұлттық идеяға айналдыру, апперцепциялау үдерісі орын алмай отыр.

Халықтың санасындағы бір күндік мүдденің үстемдікке ие болуы ұрпақтық ойлауға төнген қауіптің бірі, ол адамның моралдық, құндылықтық, этикалық және саяси деградациясы арқылы көрініс береді. Ол саясатта анархия, хаос, билік легитимділігін мойындамау арқылы, билік сферасында биліктің өзінің заңды сақтамауы арқылы орын алады. Ал, қоғамдық мінез-құлықта жақсы өмір сүруге, заңды әдістермен қаржылық мүмкіндігін жақсартуға деген сенімсіздіктен туындап, жаттанудың себебіне айналады.

Қазақстан Республикасының алдағы он жылдықтағы болашақ уақытын қазақстандықтардың көзқарастары арқылы анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтік зерттеулер нәтижелері жарияланған. Бұл зерттеулер бойынша респонденттердің он жылдықтағы мемлекеттің қол жеткізетін мақсаттары ретінде «экономикалық өсімнің жоғары деңгейін (52,9%), мемлекеттің күшті қорғанысын қамтуды (25,4%), адамдардың қауымдастықта, жұмыста қандай оқиғалар болғаны туралы жиі айтуын (15,8%), біздің қалаларымызды, ауылдарымызды көркейтуге тырысу әрекеттерін (4,3%)», – атап көрсеткен (Инглхарт, 2020). Бұл зерттеулер нәтижелері қазақстандықтарды экономикалық даму құндылықтары көп толғандыратынын білдіреді.

Қорытынды

Ұрпақ уақытын зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізілді. Ұрпақтың уақыты бұл адамдардың құндылықтық әлеуметтік кеңістігі. Бұл кеңістікте адамдар уақыттың физикалық және әлеуметтік мәнін рефлексиялаумен бірге уақытты сапалы басқаруға ұмтылуымен ерекшеленеді. Қоғамдық – саяси дамуда әрбір ұрпақтың уақыттық міндеттері көрініс береді.

Ол Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін сақтап қалу және еліміздің экономикалық дамуына қол жеткізуге түйінделді.

Қазіргі заманғы ұрпақтың уақыты осы экономикалық дамуды кәсіпкерлікті, ғылымды және руханилықты синтездеу арқылы әлемдік жүйеге интеграциялануды құрайды. Алайда уақыттың объективтілігі адамның субъективті қажеттіліктерінің мәнін азайтып, адамның өзін толығымен басқаруға алуда.

Ұрпақ теориясы саласын зерттеуші философтардың, шетелдік және отандық теоретиктердің көзқарастарын, тұжырымдамаларын саралау негізінде ұрпақтық үлгі жасақталды. Ұрпақтық үлгі адамдардың қағорталық жиынтығы, өмірлік кезең, уақыттық жиілік негізінде тарихи сана мен жадтың кезеңдік трансформациялануын, теориялық және практикалық таным арқылы қоғамдық қатынастардың өзгеруін, әлеуметтік және мәдени құндылықтық өзгерістерге бейімделуін қамтитын эмпирикалық және трансценденталды, әлеуметтік құрылым.

Ұрпақ әлеуметтік уақыттық кеңістікте қоғамдық идея, иммунитеттік құрылым, тұлғалық пен бұқаралық сананың өзара дәнекерленуі және интеллектіні тасымалдау қызметтерін атқаратыны анықталды.

Ұрпақ интеллектісі ананың дүниетанымы негізінде орнығып, танымның өзге мүмкіндігі, тәжірибелердің алмасуы формасында қалыптасады. Ұрпақ теориясы адам мен қоғамның, азамат пен мемлекеттіліктің өзара әрекеттілігіндегі коммуникациялық тиімділік негізінде адам капиталының сапасына тікелей ықпал жасайды. Ұрпақтық сананың тұрақты сабақтастығы тарихи санадағы ақтаңдақтардың және жас ұрпақтың деградациясының алдын алады.

Ұрпақ теориясының әлеуметтік – философиялық бағыттарын зерттеу негізінде қазіргі заманғы ұрпақтардың әлеуметтік – құндылықтық бейнесі айқындалды. Қазіргі заманғы ұрпақтар эмпирикалық таным мен руханилық құндылықтардың негізінде қоғамдық және виртуалды әлемді біруақытта конструкциялай білетін әлеуметтік индивид ретінде анықталды. Қазіргі заманғы ұрпақтар эмпирикалық танымға ие және жастардың әлеуметтік бейнесін тәжірибелердің дайын формасы негізінде қалыптастырады. Ақпараттық технологиялық құралдар адамның

рухани қызметінің нәтижесі және ол ұрпақтың пайдалы әсер коэффициенті ретінде орнығады.

Қазіргі заманғы ұрпақтар мобильді, сандық номад құндылығына ие, әлемді жеке үй түсінігімен шектемейді, еркін ойлы, метафизикалық пайымдауды қабыл алмайды, новациялық, бірақ нетворк интеллектісіне ие.

Ұрпақ уақыты адамның құндылықтық кеңістігі ол ұрпақ санасын өзектілендіру және жобалау негізінде анықталады. Философия тарихы мен қазіргі заманғы ой тұжырымдардың теоретикалық негіздерінде адамның уақытты түйсінуі, уақыттағы дүниетанымы, болмысы тарихи, әлеуметтік, интеллектуалдық, экзистенциалдық және интерсубъектілік пайымдау негізінде синтезделеді. Уақыттың мәні өзгерісте, ол қоғамдық және ментальды мазмұнға ие. Уақыттық өзгерісте: 1) дәуір рухын түйсіну; 2) қазіргіліктегі уақыттық қысым; 3) экзистенциялық толғаныс түйінделген. Ұрпақ кеңістігі мен уақыты дискретті, сакральды, субъективті бағалау, семантикалық, дискурстық мәндерге ие. Қазіргілікте үш уақыттың және үш ұрпақтың біруақыттылығы орнығып, көпқырлы және көбейнелі тұлғалық пен әлемді рефлексиялайды.

Ұрпақтар сабақтастығы қазіргі жаһандық әлемде ата-аналар мен жаңа ұрпақтық қатынастарда мәдени, қоғамдық және экономикалық трансформацияларға ұшырайды. Ұрпақтар сабақтастығы мен ауысуы ішкі диалектикалық қайшылыққа ие.

Ұрпақтар сабақтастығы заңдылығына сәйкес мемлекеттік бірегейлігі этникалық үдерістен сәтті өткеннен кейін әлеуметтік, мәдени, діни бірегейлік формаларына тиімді шарттармен ауыса алады. Ұрпақтық алмасу үдерісіндегі қоғамдық субъектіліктегі әке дәстүр, тәжірибе мен бала жаңа, қарсылық қатынастары арасындағы қайшылықтар ұжымдық бірегейлік дағдарысына негіз болады. Мұндай қайшылықтың салдары мемлекеттілікке кері әсер етіп, адамның жаттануы, ұрпақтардың өзін аман сақтап қалуға ұмтылысына, болмыстық сыналуына және мәдениеттен ұрпақтың мүлдем аластатылуына әкеліп соғады.

Мемлекеттілікте ұрпақтар сабақтастығы басты құндылық ретінде орнығу үшін халық күші, мемлекет күші ұғымдары ұрпақ бірегейлігінде маңызды қызмет атқарады.

Әдебиеттер

- Кант И. Антропология с прагматической точки зрения / пер. с нем. – Санкт-Петербург: Наука, 2010. – 194 с.
Шопенгауэр А. Собр. соч.: в 6 т. / пер. с нем. – М.: Республика, 2001. – Т. 2. – 560 с.
Маркс К. Избранные произведения: в 3 т. – М.: Изд-во политической литературы, 1985. – Т. 1. – 635 с.

- Дильтей В. Элемдік философиялық мұра: 20 т. / ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Жазушы, 2006. – Т. 11. – 406 б.
- Ортега-и-Гассет Х. Избр. тр. / пер. с исп. – М.: Весь мир, 1997. – 704 с.
- Мид М. Культура и мир детства: избр. произв. – М.: Наука, 1988. – 429 с.
- Поколения в социокультурном контексте XX века / под ред. Н. Хренов. – М.: Наука, 2005. – 631 с.
- Есім Ғ. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 401 б.
- Сапарова Д.Р. Культурное пространство цифрового поколения: дис... док. философии (PhD): 6D020400. – Алматы: КазНУ, 2020. – 139 с.
- Мангейм К. Проблема поколений [Электронный ресурс]. URL.: //http://soc-mol.ru/encyclopaedia/studies/155-problema-pokoleniy-1928.html. Дата обращения: 25.12.2023.
- Бурдьё П. Практический смысл / пер. с фр. – СПб.: Алетейя, 2001. – 562 с.
- Кондаков И.В. Цивилизационная идентичность в переходную эпоху. – М.: Прогресс – Традиция, 2011. – 1024 с.
- Strauss W., Howe N. Generations. The History Americas Future, 1584 to 2069. – New York: 1991. – 540 p.
- Gursoy D. et al. Generational differences: An examination of work values and generational gaps in the hospitality workforce // International Journal of Hospitality Management. – 2008. – Vol. 27. – P. 448-458.
- Shanna D. Generational similarities in work values of generations // Journal of Human Resource Management. – 2019. – Vol 22-2. – P. 10-26.
- Mendoza-Briceño E. et al. Determinantes de la satisfacción laboral en un establecimiento de salud durante el estado de emergencia sanitaria // Apuntes Universitarios. – 2021. – Vol. 12(1). – P. 122-134.
- Honkaniemi L. et al. Well-being and innovativeness: Motivational trigger points for mutual enhancement // European Journal of Training and Development. – 2015. – Vol. 39(5). – P. 393-408.
- Капустина Д.М. Философское понимание успеха и его современная трактовка студентами технических вузов // Перспективы науки и образования. – 2021. – Вып. 2(50). – P. 118-129.
- Aubakirov E et al. Current Trends in the Development of Work Ethics and Management in Kazakhstan // Academic Journal of Interdisciplinary Studies. – 2022. – Vol. 11. – P. 82-106.
- Ahmad A. et al. Generational differences in organizational leaders: an interpretive phenomenological analysis of work meaningfulness in the Nordic high-tech organizations // Technological Forecasting & Social Change. – 2022. – Vol. 180. – P. 1 – 11.
- Твенге М. Поколение I. [Электронный ресурс]. URL.: // http://loveread. Дата обращения: 20.12.2023.
- Нұрадин Г.Б., Сапарғалиева С.Ж. «Millennials» буыны және ұрпақтар сабақтастығы // Адам әлемі философиялық, қоғамдық және гуманитарлық журнал. – 2020. – №1(83). – Б. 17-33.
- Гегель Г.В.Ф. Философия истории. Лекции по философии истории / Ю.В. Перов. – Санкт-Петербург: Наука, 1993. – 479 с.
- Фейербах Л. История философии: в 3 т. / пер. с нем. – М.: Мысль, 1974. Т. 1. – 544 с.
- Ницше Ф. О пользе и вреде истории для жизни / пер. с нем. – М.: Мысль, 1990. – Т. 1. – 830 с.
- Хайдеггер М. Бытие и время / пер. с нем. – М.: Ad Marginem, 1997. – 451 с.
- Ясперс К. Смысл и назначение истории / пер. с нем. – М.: Изд-во Республика, 1994. – 527 с.
- Ортега-и-Гассет Х. Восстание масс / пер. с исп. – М.: Аст, 2003. – 509 с.
- Corsten M. The Time of Generation // Time and Society. – 1999. – Issue 3, Vol 8. – P. 249-272.
- Nugin R. Social Time as the Basis of Generational Consciousness // Trames. – 2010. – Vol. 14(4). – P. 356-361.
- Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: 2 т. – Алматы: Жазушы, 2020. Т. 1. – 400 б.
- Қазақстандық отбасылар – 2022 баяндамасы. – Астана, 2022. – 300 б.
- World Values Survey Wave 7 (2017-2020) Kazakhstan [Электронный ресурс]. Url.: // http: file://C:/Users/Admin/Downloads/F00011924-World_Values_Survey. Дата обращения: 20.07.2023.

References

- Kant I. Antropologiya s pragmaticheskoy tochki zreniya / per. s nem. – Sankt – Peterburg: Nauka, 2010. – 194 s.
- Shopenhauer A. Sobr. soch.: v 6 t. / per. s nem. – М.: Respublika, 2001. – Т. 2. – 560 s.
- Marks K. Izbrannye proizvedeniya: v 3 t. М.: Izd-vo politicheskoy literatury, 1985. – Т. 1. – 635 s.
- Diltey V. Alemdik filosofiyalyk mura: 20 t. / red. A. Nysanbaev. – Almaty: Zhazushy, 2006. – Т. 11. – 406 b.
- Ortega-i-Gasset X. Izbr.tr. / per.s.isp. – М.: Vesmiz mir, 1997. – 704s.
- Mid M. Kulmiztura i mir detstva: izbr.proiz. – М.: Nauka, 1988. – 429 s.
- Pokoleniya v sociokulmizturnov kontekste XX veka. / pod red. N. Xrenov. – М.: Nauka, 2005. – 631 s.
- Yesim G. Onegeli omir. – Almaty: Kazak universiteti, 2017. – 401 b.
- Saparova D. Kulmizturnoe prostranstvo cifrovogo pokoleniya: dis... doktora filosofii (PhD): 6D020400. – Almaty: Kazak universiteti, 2020. – 139 b.
- Manngem K. Problema pokolenij. URL.: //http://soc-mol.ru/encyclopaedia/studies/155-problema-pokoleniy-1928.html. Accessed 25.12.2023
- Burdmiz P. Prakticheskij smysl. / per. s fr. –SPb.: Aletejya, 2001. – 562 s.
- Kondakov I. Civilizacijnnaya identichnostmiz v perexodnuju jepoxu. – М.: Progress – Tradiciya, 2011. – 1024 s.
- Strauss W., Howe N. Generations. The History Americas Future, 1584 to 2069. – New York: 1991. – 540 p.
- Gursoy D. et al. Generational differences: An examination of work values and generational gaps in the hospitality workforce // International Journal of Hospitality Management. – 2008. – Vol. 27. – P. 448-458.

- Shanna D. Generational similarities in work values of generations // Journal of Human Resource Management. – 2019. – Vol 22-2. – P. 10-26.
- Mendoza-Briceño E. et al. Determinantes de la satisfacción laboral en un establecimiento de salud durante el estado de emergencia sanitaria // Apuntes Universitarios. – 2021. – Vol. 12(1). – P. 122-134.
- Honkaniemi L. et al. Well-being and innovativeness: Motivational trigger points for mutual enhancement // European Journal of Training and Development. – 2015. – Vol. 39(5). – P. 393-408.
- Kapustina D. Filosofskoe ponimanie uspeha i ego sovremennaya traktovka studentami texnicheskix vuzov // Perspektivy nauki i obrazovaniya – 2021. – Vyp. 2(50). – P. 118-129.
- Aubakirov E et al. Current Trends in the Development of Work Ethics and Management in Kazakhstan // Academic Journal of Interdisciplinary Studies. – 2022. – Vol. 11. – P. 82-106.
- Ahmad A. et al. Generational differences in organizational leaders: an interpretive phenomenological analysis of work meaning fulness in the Nordic high-tech organizations // Technological Forecasting & Social Change. – 2022. – Vol. 180. – P. 1 – 11.
- Твенге М. Поколение I [Электронный ресурс]. URL.: // <http://loveread>. Дата обращения: 20.12.2023.
- Nuradin G., Sapargalieva S. «Millennials» buyny zhane urpaktar sabaktastygy // Adam alemi. – 2020. – №1(83). – B. 17-33.
- Gegel'mjz G. Filosofia istorii. Lekcii po filosofii istorii. – Sankt-Peterburg: Nauka, 1993. – 479 s.
- Fejerbakh L. Istoriya filosofii: v 3 t. – M.: Myslmjz, 1974. – 544 s.
- Nicche F. O polmijze i vrede istorii dlya zhizni / per. s nem. – M.: Myslmjz, 1990. – T. 1. – 830 s.
- Khajdegger M. Bytie i vremja. – M.: Ad Marginem, 1997. – 451 s.
- Yaaspers K. Smysl i naznachenie istorii. – M.: Izd-vo Respublika, 1994. – 527 s.
- Ortega-i-Gasset X. Vostanie mass. – M.: Ast, 2003. – 509 s.
- Corsten M. The Time of Generation // Time and Society. – 1999. – Issue 3, Vol 8. – P. 249-272.
- Nugin R. Social Time as the Basis of Generational Consciousness // Trames. – 2010. – Vol. 14(4). – P. 356-361.
- Kunanbajuly A. Shygarmalarynyn eki tomdyk zhinagy: 2 t. – Almaty: Zhazushy, 2020. T.1. – 400 b.
- Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: 2 т. – Алматы: Жазушы, 2020. Т. 1. – 400 б.
- Kazakstandyk otbasylar. – Astana, 2002. – 300 b.
- World Values Survey Wave 7 (2017-2020) Kazakhstan URL.:// http://file:///C:/Users/Admin/Downloads/F00011924-World_Values_Survey. Accessed 20.07.2023.

Авторлар туралы мәлімет:

- Мейрбаев Бекжан Берикбайұлы – философия ғылымының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Философия» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Қазақстан, Алматы).
- Тұмаишбай Талғат Еркінұлы (корреспондент-автор) – PhD, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Философия» кафедрасының аға оқытушысы (Қазақстан, Шымкент, E-mail: erkinulyt@mail.ru).
- Мажинбеков Сакен Аралбайұлы – философия ғылымының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Саясаттану» кафедрасының доценті (Қазақстан, Шымкент, E-mail: majin@mail.ru).
- Аманқұл Темур Оралбайұлы – PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының аға оқытушысы (Қазақстан, Алматы).

Information about authors:

- Meirbaev Bekzhan – Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor of the Department of Philosophy of the Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty).
- Talgat Erkinuly Tumashbay (corresponding author) – PhD, senior lecturer at the Department of Philosophy, M. Auevov University of South Kazakhstan (Kazakhstan, Shymkent, E-mail: erkinulyt@mail.ru).
- Mazhinbekov Saken – Candidate of Philosophy, Associate Professor of the Department of Political Science, M. Auevov South Kazakhstan University (Kazakhstan, Shymkent, E-mail: majin@mail.ru).
- Amankul Temur – PhD, senior lecturer, Department of Religious and Cultural Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty).

Информация об авторах:

- Мейрбаев Бекжан – кандидат философских наук, доцент кафедры философии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Казахстан, Алматы).
- Талғат Еркінұлы Тұмаишбай (ответственный автор) – доктор философии, старший преподаватель кафедры философии Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова (Казахстан, Шымкент, E-mail: erkinulyt@mail.ru).
- Мажинбеков Сакен – кандидат философских наук, доцент кафедры политологии Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова (Казахстан, Шымкент, E-mail: majin@mail.ru).
- Аманқұл Темур – доктор философии, старший преподаватель кафедры религиоведения и культурологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Казахстан, Алматы).

Келін түсті: 10 қаңтар 2025 жыл
Қабылданды: 20 ақпан 2025 жыл